



Алматы қ.

2016 жылғы 8 желтоқсан

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматыда Қазақстандағы туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағытында қосымша білім беруді дамытудың сұрақтарын талқылайды

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы **2016 жылғы 8 желтоқсанда** туристік-өлкетану және экологиялық-биологиялық бағытында қосымша білім беру ұйымдары басшыларының республикалық Үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізеді.

Үйлестіру кеңесінің жұмысына ҚР Президенті жанындағы Әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясы, білім және ғылым, инвестициялар және даму, дін істері және азаматтық қоғам министрліктері, Алматы қаласы жоғары оқу орындарының, білім беру басқармалары мен ұйымдарының, республиканың жас натуралистер, өлкетанушылар, экологтар, туристер орталықтары мен станциялардың өкілдері қатысады.

Үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысында жалпыұлттық патриоттық «Мәңгілік Ел» идеясының негіздерін есепке ала отырып, балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асыру, жалпы орта және қосымша білім берудің бірігуі, туризм бағыты бойынша Батыс Қазақстан облысы жұмысының оң тәжірибесін енгізу, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысты ұйымдастыру сұрақтары қарастырылатын болады.

Отырыс қатысушыларына Алматы қаласындағы № 54 гимназияның «Панфиловшылар» отрядының туристік экспедициялық қызметімен танысуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысты ұйымдастыру бойынша «Қолайлы орта» танымдық шеберлік сабағы ұйымдастырылатын және өткізілетін болады.

Республикалық Үйлестіру кеңесінің шеңберінде экологиялық-биологиялық бағытты дамыту сұрақтары бойынша семинар өткізу жоспарланып отыр. Білім алушылардың азаматтық ұстанымын

қалыптастыру, заманауи педагогикалық технологияларды экологиялық-биологиялық бағыттағы қосымша білім берудің тәжірбиесіне енгізу сұрақтары қарастырылатын болады.

Республиканың аудандарындағы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне жоғарыда көрсетілген сұрақтарды талқылауға онлайн режимінде қатысуына мүмкіндік беріледі.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың маңызды аспектілерін талқылау, түрлі қызығушылықтарды қанағаттандыру үшін бала құқығын қамтамасыз етуге, сабақтан тыс қызметте уәждемелік әлеуетін дамытуға бағытталған одан арғы басымдылықты анықтауға мүмкіндік береді.

Үйлестіру кеңесінің қатысушылары қорытынды ұсынымдар қабылдайды.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефон нөміріне хабарласуға болады: +7 (7172) 24-93-08, e-mail: kz.tourist@yandex.ru